

Мұнайды Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан тысқары шығару үшін Ақтау теңіз портындағы арналы мұнай құбырлары, мұнай өнімдері құбырлары жүйелері мен терминалды пайдаланудың тәртібін бекіту туралы

Қушiн жойған

Қазақстан Республикасы Үкiметiнiң қаулысы 1997 жылғы 24 шiлдедегi N 1177. Қаулының күшi жойылды - ҚР Үкiметiнiң 2005 жылғы 27 шiлдедегi N 781 қаулысымен

Мұнайды және мұнай өнiмдерiн өндiрушiлердiң құқықтарын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкiметi қаулы етедi:

1. Қоса берiлiп отырған Мұнайды (газ конденсатын қоса алғанда) Қазақстан Республикасының кедендiк аумағынан тысқары шығару үшiн Ақтау теңiз портындағы арналы мұнай құбырлары, мұнай өнiмдерi жүйелерi мен терминалды пайдаланудың тәртiбi (бұдан әрi - Тәртiп) бекiтiлсiн және ол 1997 жылдың 1 тамызынан бастап қолдануға енгiзiлсiн. Қазақстан Республикасы Энергетика және табиғи ресурстар министрлігінің Мұнай және газ департаменті "ҚазТрансОйл" мұнай тасымалдау жөнiндегi ұлттық компаниясымен өндiрiстiк келiсiм-шарттар жасасқан кезде Тәртiпте көзделген талаптардың сақталуын, сондай-ақ мұнайды Қазақстан Республикасының кедендiк аумағынан тысқары шығару үшiн Ақтау теңiз портындағы арналы мұнай құбырлары, мұнай өнiмдерi жүйелерi мен терминалға рұқсат ету құқығын жүзеге асыруға бақылау жасауды қамтамасыз етсiн. < * >

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгертілді - ҚРҰ-нің 1997.09.21. N 1357 қаулысымен .

2. Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі Қазақстан Республикасының Энергетика және табиғи ресурстар министрлігі ұсынатын мұнайды арналы мұнай құбырларының жүйесі бойынша Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан тысқары тасымалдаудың көлемдері мен кестелерін келіседі және оларды бекіту үшін Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары жолдайды деп белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Энергетика және табиғи ресурстар министрлігі Экономика және сауда министрлігімен бірлесіп отын-энергетикалық ресурстардың негізгі түрлерінің тасымалдануына бақылау жасауды қамтамасыз ету мақсатында тоқсан сайын мұнай бойынша сұраныс пен ұсыныстардың болжамды және есепті балансын жасасын.

4. Қазақстан Республикасының Энергетика және табиғи ресурстар министрлігі Ұлттық Банктің (келісім бойынша), Қаржы министрлігінің,

Экономика және сауда министрлігінің және басқа да мүдделі талаптардың қатысуымен бір айлық мерзімде шаруашылық қызмет субъектілерінің мұнайды, мұнай өнімдерін, табиғи және сұйытылған газды шығару (оның ішінде Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан тысқары) туралы, сондай-ақ отын-энергетикалық ресурстармен сыртқы экономикалық операцияларды жүзеге асырудың нәтижесінде алынған валюталық қаражаттар туралы есеп берушілікті әзірлесін және белгілесін.

5. "Құбырлы көлікпен мұнай экспорттауды реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 27 қыркүйектегі N 1182 қаулысының 2-тармағының үшінші абзацының күші жойылған деп танылсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 24 шілдедегі
N 1177 қаулысымен

бекітілген

Мұнайды (газ конденсатын қоса алғанда) Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан тысқары шығару үшін Ақтау теңіз портындағы арналы мұнай құбырлары, мұнай өнімдері құбырлары жүйелері мен терминалды пайдаланудың

ТӘРТІБІ

Осы Тәртіп "Құбырлы көлікпен мұнай экспорттауды реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 27 қыркүйектегі N 1182 қаулысын дамыту үшін жасалды және Қазақстан Республикасының Энергетика және табиғи ресурстар министрлігі Мұнай және газ департаментінің (бұдан әрі - Департамент) "ҚазТрансОйл" мұнай тасымалдау жөніндегі ұлттық компаниясы" (бұдан әрі - Компания) жабық акционерлік қоғамымен келісім-шарттарында көзделген мұнай (газ конденсатын қоса алғанда) мен мұнай өнімдерін Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан тысқары шығару үшін Ақтау теңіз портындағы арналы мұнай құбырларын, мұнай өнімдері құбырларын және терминалды пайдалану жөніндегі талаптарды айқындайды.<*>

ЕСКЕРТУ. Кіріспе өзгертілді - ҚРҰ-нің 1997.09.21. N 1357 қаулысымен.

1. Мұнайды және мұнай өнімдерін Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан тысқары шығару мақсатында Ақтау теңіз портындағы арналы мұнай құбырлары, мұнай өнімдері құбырлары жүйелері мен терминалды пайдалану

олардың өткізу қабілеті мен мұнайды өндірудің (өңдеудің) көлеміне сайма-сай бірдей қол жеткізу принципін негізге алу арқылы ішкі рынокқа шығаруды қамтамасыз ету ескеріле отырып жүзеге асырылады.

2. Мұнайды Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан тысқары шығару үшін Ақтау теңіз портындағы арналы мұнай құбырлары, мұнай өнімдері құбырлары жүйелері мен терминалға рұқсат етілуі құқығының іске асырылуына бақылау жасауды Департамент жүзеге асырады.

3. Арналы мұнай құбырлары жүйесі бойынша мұнай тасымалдаудың көлемі (кестелері) әрбір өндіруші үшін Қазақстан Республикасы Үкіметі қабылдаған өнімдерді бөлу туралы келісім-шарттар бойынша міндеттемелер ескеріле отырып, ай сайын олар өндірген мұнайдың көлеміне сайма-сай айқындалады.

Департамент көрсетілген кестелерді Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігімен келіседі және оларды Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары бекіткеннен кейін олар келесі тоқсанның басталуына дейін 15 тәуліктен кешіктірілмей өндірушілер мен Компанияға жеткізіледі.

4. Тоқсандық кестелерді жасауды қамтамасыз ету мақсатында мұнай өндірушілер Компанияға жылдың келесі тоқсаны басталғанға дейін 45 тәуліктен кешіктірмей алдағы кезеңдегі мұнай өндірудің көлемдері туралы анықтамалармен қоса тұтынушыларға мұнай беру туралы ұсынысты табыс етеді.

Компания мұнай өндірушілерден ұсыныстарды алғаннан кейінгі 5 тәуліктің ішінде Департаментке аталған жүйелердің өткізу қабілетін ескере отырып, сондай-ақ мұнай берушілерді көрсету арқылы алдағы тоқсанға арналған Ақтау теңіз портындағы арналы мұнай құбырлары жүйелері мен терминалды пайдалану туралы ұсынысты табыс етеді.

Департамент он күндік мерзім ішінде Ресей Федерациясының транзиттік квоталарын ескере отырып Ақтау теңіз портындағы арналы мұнай құбырлары жүйесі мен терминал бойынша мұнай тасымалдаудың тоқсандық кестесін қарайды және бекітеді, оларды Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігіне келісуге ұсынады.

5. Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі келесі тоқсан басталғанға дейінгі 20 тәуліктен кешіктірмей барлық мұнай өндірушілердің көлемі бойынша да, бағыты бойынша да тең қол жеткізуі принципін негізге ала отырып Департаментпен мұнайды тасымалдаудың тоқсандық кестесін келіседі.

6. Арналы мұнай құбырлары жүйесі бойынша мұнай тасымалдау бекітілген кестелерге және Компаниямен не оның филиалдарымен жасалған шарттарға сәйкес жүзеге асырылады.

7. Мұнайдың Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан тысқары экспортын мұнай өндіру кәсіпорындарды дербес, сондай-ақ Компания жүзеге асырады.

8. Ақтау теңіз портындағы арналы мұнай құбырлары, мұнай өнімдері құбырлары жүйесі мен терминалға рұқсат етілу құқығы бар мұнай өндірушілер мұнай мен мұнай өнімдерін Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан тысқары шығару кезінде мұндай құқықты Компаниямен шартта көзделген кезеңге және талаптарда олардың арасында жасалған шарттың негізінде, мұнай мен мұнай өнімдерін тасымалдаудың тоқсандық кестелерімен белгіленген көлемдердің шегінде көрсетілген жүйеге рұқсат етілуі құқығын беру туралы шарт жасалған күннен бастап 3 тәуліктің ішінде ол туралы Департаментке хабарлау арқылы беруге (сатуға) құқылы.